**Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 20 ақпандағы № 3 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 28 ақпанда № 31964 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Қаржы нарығын реттеу және*
*дамыту Агенттігінің Төрағасы* — *М. Абылкасымова*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2023 жылғы 20 ақпандағы
№ 3 Қаулыға
қосымша

**Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. "Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде жазатайым жағдайлардан оны міндетті сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды және ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 28 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6156 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу ережесінде және аннуитет шарты мен сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейіне қойылатын талаптарында:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ереже "Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу тәртібін және аннуитет шарты мен сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейіне қойылатын талаптарды айқындайды.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Сақтандырушы аннуитет шарттары бойынша аннуитеттік төлемдердің ағымдағы құнының факторын есептеу кезінде осы Ережеге 1, 2-қосымшаларда көрсетілген, сондай-ақ Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12318 болып тіркелген "Зейнетақы аннуитетінің үлгілік шартын бекіту, Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесін, сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, сондай-ақ сақтандыру төлемін индекстеу мөлшерлемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 20 қазандағы № 194 қаулысымен (бұдан әрі – № 194 қаулы) белгіленген көрсеткіштерден аспайтын өлім-жітім көрсеткіштерін пайдаланады.

Зардап шеккен қызметкердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 940-бабының 3-тармағына сәйкес зиянды өтетуге құқығы бар адамдардың пайдасына жасалған аннуитет шарттары бойынша аннуитет төлемдерінің ағымдағы құнының факторын есептеу кезінде өлім-жітімнің мынадай:

1) зардап шеккен қызметкер үшін – осы Ережеге 1-қосымшада көрсетілген;

2) елу сегіз жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастан асқан ер адамдар үшін – № 194 қаулыда көрсетілген;

3) он алты жастан асқан мүгедектігі бар адамдар үшін – осы Ережеге 2-қосымшада көрсетілген көрсеткіштері пайдаланылады;

4) он алты жасқа толмаған мүгедектігі бар адамдар, кәмелетке толмағандар, оқушылар, ата-аналар, ерлі-зайыптылар не қайтыс болған қызметкердің асырауындағы балаларын, немерелерін, бауырларын күтумен айналысатын отбасының басқа мүшесі үшін нөлге тең өлім-жітім көрсеткіштері пайдаланылады.".

2. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының ( акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру қызметі туралы", "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінде және оларды есептеу әдістемелерінде:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндері және оларды есептеу әдістемелері (бұдан әрі – Нормативтер) "Сақтандыру қызметі туралы" (бұдан әрі – Заң), "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін белгілейді.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру тобы үшін нормативтік мәндер Заңның 46-бабына сәйкес белгіленеді және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 190, 231 және 249-баптарына және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 65-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қабылдайтын есептілік негізінде есептеледі.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"Нормативтерді есептеу мақсаттары үшін сақтандыру резервтері Заңның 47 – бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған "сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 13 қаулысына (бұдан әрі-қалыптастыруға қойылатын талаптар, сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесі және олардың құрылымы)";

18, 19, 20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының "өмірді сақтандыру" және " аннуитеттік сақтандыру" сыныптары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу Нормативтердің 19 және 21-тармақтарына сәйкес есептелген мәндердің сомасына тең шаманы білдіреді.

19. Тәуекелді капиталы теріс мәнге болып болмайтын, қайтыс болған жағдайдағы өмірді сақтандыру шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері мынадай шамалардың сомасына тең:

1) қайтыс болған жағдайдағы өмірді сақтандыру шарттары бойынша (мерзімі 3 (үш) жылға дейін) – қайтыс болған жағдайдағы өмірді сақтандыру шарттары бойынша ( қайта сақтандырушының үлесін шегергенде) тәуекелді капиталдың тәуекелді капиталға қатынасы ретінде есептелген түзету коэффициентіне көбейтілген тәуекелді капитал сомасының 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызы. Егер түзету коэффициентін есептеу нәтижесінде алынған шама 0,5-тен (нөл бүтін оннан бестен) аз болса, онда есептеу үшін 0,5 (нөл бүтін оннан бес) алынады;

2) қайтыс болған жағдайдағы өмірді сақтандыру шарттары бойынша (3 (үш) жылдан 5 (бес) жылға дейінгі мерзімде) – қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша тәуекелді капиталдың (қайта сақтандырушының үлесін шегергенде ) тәуекелді капиталға қатынасы ретінде есептелген түзету коэффициентіне көбейтілген тәуекелді капитал сомасының 0,15 (нөл бүтін жүзден он бес) пайызы. Егер түзету коэффициентін есептеу нәтижесінде алынған шама 0,5-тен (нөл бүтін оннан бестен) аз болса, онда есептеу үшін 0,5 (нөл бүтін оннан бес) алынады;

3) қайтыс болған жағдайдағы өмірді сақтандырудың басқа шарттары бойынша – қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша тәуекелді капиталдың ( қайта сақтандырушының үлесін шегергенде) тәуекелді капиталға қатынасы ретінде есептелген түзету коэффициентіне көбейтілген тәуекелді капитал сомасының 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайызы. Егер түзету коэффициентін есептеу нәтижесінде алынған шама 0,5-тен (нөл бүтін оннан бес) аз болса, онда есептеу үшін 0,5 (нөл бүтін оннан бес ) алынады.

20. Тәуекелді капитал өткен қаржы жылының соңындағы ол бойынша есептелген сақтандыру резервтері сомасына азайтылған қайтыс болған жағдайдағы өмірді сақтандырудың қолданыстағы шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасын білдіреді.

21. "Өмірді сақтандыру" және "аннуитеттік сақтандыру" сыныптары бойынша қалған сақтандыру шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері өткен қаржы жылының соңындағы сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін шегергенде қалыптастырылған сақтандыру резервтері сомасының өткен қаржы жылының соңында қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің жалпы сомасына қатынасы ретінде есептелген сақтандыру резервтері мен түзету коэффициенті сомасының 4 (төрт) пайызының көбейтіндісіне тең. Егер түзету коэффициентін есептеу нәтижесінде алынған шама 0,85-тен (нөл бүтін жүзден сексен бестен) аз болса, онда зейнетақы аннуитеті шарттарын қоспағанда, есептеу үшін 0,85 ( нөл бүтін жүзден сексен бес) қабылданады.

Мына:

1) 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері өткен қаржы жылының соңында сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін шегергенде қалыптастырылған сақтандыру резервтері сомасының өткен қаржы жылының соңында қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің жалпы сомасына қатынасы ретінде есептелген сақтандыру резервтері мен түзету коэффициенті сомасының 6 (алты) пайызының көбейтіндісіне тең. Егер түзету коэффициентін есептеу нәтижесінде алынған шама 0,85-тен (нөл бүтін жүзден сексен бестен) аз болса, онда есептеу үшін 0,85 (нөл бүтін жүзден сексен бес) қабылданады;

2) 2023 жылғы 1 қаңтардан кейін дейін жасалған зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері өткен қаржы жылының соңында сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін шегергенде қалыптастырылған сақтандыру резервтері сомасының өткен қаржы жылының соңында қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің жалпы сомасына қатынасы ретінде есептелген сақтандыру резервтері мен түзету коэффициенті сомасының 8 (сегіз) пайызының көбейтіндісіне тең. Егер түзету коэффициентін есептеу нәтижесінде алынған шама 0,85-тен (нөл бүтін жүзден сексен бестен) аз болса, онда есептеу үшін 0,85 (нөл бүтін жүзден сексен бес) қабылданады.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып есептелген нақты төлем қабілеттілігі маржасы мынадай формула бойынша анықталады:

НТМ = СӨА – СР – М , мұнда:

СӨА – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес оларды сапа және өтімділігі бойынша жіктелуін ескергендегі активтер;

СР - соңғы есепті айдың соңындағы қайта сақтандырушының үлесін шегергендегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерінің сомасы. Сақтандыру резервтерінің сомасы Нормативтердің 2-тармағына сәйкес ай сайынғы есептілікті және өзге есептілікті уәкілетті органға ұсынған күнге дейін пайдаланылады (есепті айдан кейінгі айдың бесіне дейін өткен есепті айдағы сақтандыру резервтерінің сомасы пайдаланылады);

М – сақтандыру резервтерін қоспағандағы міндеттемелер.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қайта сақтандырушының үлесін шегергендегі сақтандыру резервтерінің сомасына өтімділігі жоғары активтер құнының қатынасы ретінде мынадай формула бойынша есептелетін өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілік нормативін сақтайды:

ӨЖА Нөжа = ------------ > 1, мұнда: СР

Нөжа – өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативі;

ӨЖА – Нормативтердің 38-тармағында көрсетілген өтімділігі жоғары активтердің құны (РЕПО операциялары бойынша міндеттемелерді шегергенде);

СР - қайта сақтандырушының соңғы есепті айдың соңындағы үлесін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерінің сомасы. Сақтандыру резервтерінің сомасы Нормативтердің 2-тармағына сәйкес ай сайынғы есептілікті және өзге есептілікті уәкілетті органға ұсынған күнге дейін пайдаланылады (есепті айдан кейінгі айдың бесіне дейін өткен есепті айдағы сақтандыру резервтерінің сомасы пайдаланылады).

Өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативі 1 (бірден) кем болмауға тиіс .";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерді әртараптандырудың мынадай нормативтерін сақтайды:

1) Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "ВВ-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's ( Стандарт энд Пурс) агенттігінің "А-" төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент-еншілес банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас банкі болып табылатын екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға, Қазақстанның Даму Банкінде салымдар мен ақшаға инвестициялардың жиынтық баланстық құны ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып):

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – жалпы сақтандыру резервтері сомасының 30 ( отыз) пайызынан көп емес;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 ( жиырма) пайызынан көп емес;

2) Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "В"-дан "В+"-ке дейін ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға, салымдар мен ақшаға инвестициялардың жиынтық баланстық құны ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып):

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 ( жиырма) пайызынан көп емес;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – жалпы сақтандыру резервтері сомасының 15 (он бес) пайызынан көп емес;

3) Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "В-" ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің

бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғалардағы бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып), салымдар мен ақшаға инвестициялардың жиынтық баланстық құны:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

4) Қазақстанның Даму Банкін қоспағанда, екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын бір заңды тұлғадағы және осы заңды тұлғаның үлестес тұлғаларындағы бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып) және ақшаға инвестициялардың жиынтық баланстық құны:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

5) тазартылған бағалы металдар мен металл шоттарға жиынтық орналастыру жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

6) "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтанушыларға берілген қарыздарының жиынтық мөлшері жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

7) шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар, Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) рейтингтік агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып) инвестициялардың жиынтық баланстық құны жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

8) шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар, Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) рейтингтік агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып) инвестициялардың жиынтық баланстық құны жалпы сақтандыру резервтері сомасының 5 (бес) пайызынан көп емес;

9) Нормативтердің 39-тармағында белгіленген тізбеге кіретін халықаралық қаржы ұйымының бағалы қағаздарына ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып) инвестициялардың жиынтық баланстық құны:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

10) құнсыздануға арналған резервті шегергенде, Нормативтердің 38-тармағының 23) және 24) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін пайларға инвестициялардың жиынтық баланстық құны жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

11) құнсыздануға арналған резервті шегергенде, ашық және интервалды инвестициялық пай қорларының пайларына инвестициялардың жиынтық баланстық құны жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

12) құнсыздануға арналған резервті шегергенде, негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиынтық баланстық құны жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

13) құнсыздануға арналған резервті шегергенде, Нормативтердің 38-тармағының 25) және 26) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін исламдық қаржыландыру құралдарына инвестициялардың жиынтық баланстық құны жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының борыштық бағалы қағаздарға инвестициялары Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің бір эмиссиясы облигацияларының жалпы көлемінің 25 (жиырма бес) пайызынан аспайды.

Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген активтерді әртараптандыру нормативтерін есептеу кезінде екінші деңгейдегі банктің және оның үлестес тұлғаларының активтеріне жиынтық орналастыру үлестес тұлғалардың осы тобына активтерді орналастырудың барынша рұқсат етілген лимитіне байланысты нормативтердің біреуінде көрінеді.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. КТР бір мезгілде мынадай талаптар сақталған жағдайда ай сайын есептеледі:

таза сақтандыру төлемдерінің, сақтандыру зияндарын реттеу бойынша шығыстардың және зияндар резервінің (қайта сақтандырушының үлесін есепке алмағанда) өзгеруі сомасының таза сақтандыру сыйлықақыларының және ЕСР (қайта сақтандырушының үлесін есепке алмағанда) өзгеруінің айырмасына қатынасы сақтандыру сыныбы бойынша 105 (бір жүз бес) пайыздан артық болса;

сақтандыру сыныбы бойынша қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша таза сақтандыру сыйлықақыларының көлемі есепті кезеңдегі қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша таза сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінен 5 (бес) пайыздан асатын болса.

КТР төмендегідей есептеледі:

$$КТР = \left(\frac{Т+Ш+\Delta ШР}{ТҚ-\Delta ЕСР} - 1{,}05\right) x\ ЕСР,\ мұнда:$$

КТР – күтілмеген тәуекелдер резерві;

Т – таза сақтандыру төлемдері;

Ш – сақтандыру шығындарын реттеу бойынша шығыстар;

ШР – шығындар резервінің (қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген) өзгеруі;

ТҚ – қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларын шегергенде, алуға есептелген сақтандыру сыйлықақылары;

ЕСР – қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген ЕСР өзгеруі;

ЕСР – есептеу күніне қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген ЕСР.

Т, Ш, ΔШР, ТҚ, ΔЕСР өлшемдері есепті күннің алдындағы соңғы 12 (он екі) айға есептеледі.";

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Сақтандыру сыныбы бойынша тұрақтандыру резерві есепті кезең үшін еңбек сіңірілген таза сақтандыру сыйлықақысының сомасы шегерілгенде есепті күн үшін қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген шығындылық коэффициентінің (

$\overline{K}$

):

Есепті күндегі тұрақтандыру резерві = ТР1 – ТЕСС х (К -

$\overline{K}$

, мұнда:

ТР1 – алдыңғы есепті күнгі тұрақтандыру резерві;

ТЕСС – есепті кезеңдегі таза еңбек сіңірілген сақтандыру сыйақыларының сомасы.

Таза еңбек сіңірілген сақтандыру сыйақыларының сомасы - есепті кезеңнің басында қайта сақтандырушының үлесі есепке алынбай еңбек сіңірілмеген сыйлықақының резерві шамасына көбейтілген және есепті кезеңнің соңына қайта сақтандырушының үлесі есепке алынбай еңбек сіңірілмеген сыйлықақының резерві шамасына азайтылған қайта сақтандырушының есепті кезеңдегі үлесі есепке алынбаған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы;

К – есепті күнге қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген шығындылық коэффициенті;

$\overline{K}$

- М қаржы жылдары үшін қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген есепті кезең үшін шығындылық коэффициентінің орташа мәні.

Тұрақтандыру резервін есептеу үшін есепті кезең бір қаржы жылына тең.";

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"64. Қаржы ұйымы болып табылатын, бірақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы болып табылмайтын сақтандыру тобы қатысушысының нақты төлем қабілеттілігі

маржасын және төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) ең төмен мөлшерлерін есептеу сақтандыру тобының мұндай қатысушысының пруденциялық нормативтерін есептеуге сәйкес анықталады.

Егер қаржы ұйымы болып табылатын сақтандыру тобы қатысушысы үшін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде салымдардың кредиттік тәуекелінің дәрежесі бойынша мөлшерленген активтерді және (немесе) шартты және ықтимал міндеттемелерді есептеу тәртібі белгіленбесе, онда төлем қабілеттілігі маржасының ( меншікті капиталының) ең төмен мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) жеткіліктілігі нормативін (коэффициентін) орындау үшін қажетті төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) ең төмен мөлшерінің мәніне тең болады.

Қаржы ұйымы болып табылмайтын сақтандыру тобына қатысушылардың төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) ең төмен мөлшері сақтандыру тобының осы қатысушысына қатысты пруденциялық нормативтерді есептеуге сәйкес белгіленген меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентіне көбейтілген салымдардың кредиттік тәуекелдің дәрежесі бойынша мөлшерленген сақтандыру тобы қатысушысының активтері және (немесе) шартты және ықтимал міндеттемелерінің сомасына тең болады.

Егер сақтандыру тобының қатысушысына қатысты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) жеткіліктілігі нормативін (коэффициентін) есептеу тәртібі белгіленбесе, онда осы қатысушы бойынша:

нақты төлем қабілеттілігі маржасы (меншікті капитал) Нормативтердің 2-тармағына сәйкес ұсынылатын есептіліктің негізінде активтер мен міндеттемелердің арасындағы айырма ретінде айқындалады;

төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) ең төмен мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

МК = А x 0,14, мұнда:

МК – сақтандыру тобы қатысушысының төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) ең төмен мөлшері;

А – Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысымен бекітілген Банктің нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелеріне, капиталының мөлшеріне сәйкес салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген сақтандыру тобына қатысушы активтерінің, шартты және ықтимал міндеттемелерінің сомасы.

Салымдардың кредиттік тәуекелінің дәрежесі бойынша активтер, шартты және ықтимал міндеттемелерді мөлшерлеу мақсаттары үшін активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер олар бойынша құрылған резервтер (провизиялар) сомасына азаяды.

Салымдардың кредиттік тәуекелінің дәрежесі бойынша мөлшерленетін сақтандыру тобына қатысушылардың активтері, шартты және ықтимал міндеттемелері сомасын есептеуге сақтандыру тобына қатысушылардың бір-біріне қоятын талаптары енгізілмейді.";

4-қосымша Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 13 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18290 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру қызметі туралы" және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

осы қаулымен бекітілген Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне олардың құрылымына қойылатын талаптарда:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және "жалпы сақтандыру" саласының және "өмірді сақтандыру" саласының міндетті және ерікті сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды белгілейді.

Талаптар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, соның ішінде исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру ұйымдарының филиалдарына қолданылады.

2. Талаптардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) актуарлық әдістер – сақтандыру резервтерін есептеген кезде актуарий пайдаланатын экономикалық-математикалық есептеу әдістері;

2) апаттық тәуекел – баға белгілеу кезінде қолданылатын жорамалдардың айтарлықтай белгісіздігінен және төтенше және айрықша оқиғалар үшін резервтерді қалыптастырудың нәтижесінде сақтандыру міндеттемелерінің құнын жоғалту немесе қолайсыз өзгерту тәуекелі;

3) болжамды төлемдер – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пайда алушының кәсіби еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесін (бұдан әрі – КЕЖЖ дәрежесі) ұзартуға (қайта куәландыруға) немесе Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 940-бабына сәйкес (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеумен байланысты міндеттемесі;

4) есептеу күні – сақтандыру резервтері есептелетін күн;

5) ең төмен депозит сыйлықақысы (депозит сыйлықақысы) – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының талаптары олардың қайтарылмауы көзделетін сақтандыру ( қайта сақтандыру) шарты бойынша төленуге тиіс ақша сомасы;

6) еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйлықақысы – сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғау қолданылатын кезеңнің есептеу күнгі жағдай бойныша қалған кезеңіне қатысты бөлігі;

7) индекстеу мөлшерлемесі – сақтандыру төлемінің мөлшерін жоғарылататын мөлшерлеме;

8) келтірілген күтілетін құны – сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) не сақтандыру төлемдерінің, не шығыстардың пайыздық мөлшерлемесі және сақтандыру сыйлықақысының (жарналарының) есептелу күні мен түсу күні не сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша өлім, мүгедектік, науқас болу ықтималдығы және солардың негізінде есептелген адамдардың болашақ өмір сүру ұзақтығымен байланысты шамалар қамтылатын кестелер (бұдан әрі – өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестелері) пайдаланыла отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру күні арасындағы уақыт кезеңі ескеріле отырып есептелген (дисконтталған) күтілетін (ықтимал) құны;

9) келтірілген шығындар – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жүзеге асырылған төлемдерінің және мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындарының сомасы;

10) мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын – сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) жазбаша нысанда не Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарында және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемі жүзеге асырылмаған немесе толық көлемде жүзеге асырылмаған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру оқиғасы және (немесе) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы және (немесе) сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша мәлімделген талап;

11) нетто-сыйлықақы (бөліп төлеу кезіндегі нетто-жарналар) – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің тек қана сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзге шығыстарын өтеу ескерілмей сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді қабылдағаны үшін төленуге тиіс ақша сомасы;

12) резервтік базис – өмірді сақтандыру және аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтерінің шамасына әсер ететін өлшемдер мәндерінің жиынтығы;

13) сақтандыру залалын реттеу жөніндегі шығыстар – сақтандыру жағдайына қатысты туындаған сақтандырушының мүліктік мүддесіне келтірген залалдың ( зиянның) көлемін бағалауға және оны азайтуға байланысты сараптама, консультациялық және өзге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қажетті ақша сомасы;

14) сақтандыру оқиғасы – Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарына және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына сәйкес кейін сақтандыру жағдайы болып танылу ықтималдылығы бар оқиға;

15) сақтандыру резервтері – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Талаптарға сәйкес актуарлық есеп айырысулар негізінде бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелері;

16) қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі – есептеу күнгі жағдай бойынша қайта сақтандырушының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша міндеттемелерінің бөлігі;

17) сақтандыру сыйлықақысы – сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы;

18) таза сақтандыру сыйлықақысы – қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген сақтандыру сыйлықақысы;

19) тарифтік базис – өмірді сақтандыру және аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру тарифтерінің шамасына әсер ететін өлшемдер мәндерінің жиынтығы.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Пропорция әдісі бойынша ЕСР әрбір шарт бойынша есептелген еңбек сіңірілмеген сыйлықақыларды қосу арқылы анықталады.

Пропорция әдісімен еңбек сіңірілмеген сыйлықақы әрбір шарт бойынша есепті күні сақтандырып қорғаудың аяқталмаған қолданылу мерзімінің (күндермен) сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған күннен бастап сақтандырып қорғаудың қолданылуының соңына дейін сақтандырып қорғаудың қолданылу мерзімі (күндермен) қатынасына шарт бойынша сақтандыру сыйлықақының көбейтіндісі ретінде айқындалады:

$$\mathrm{ECP} = \mathrm{CC} \times \left(\frac{T_1 - T_2}{T_1}\right)$$

, мұнда

СС – сақтандыру сыйлықақысы;

T1 - сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған күннен бастап сақтандырып қорғаудың қолданылуының соңына дейін сақтандырып қорғау қолданылатын күндер саны;

T2 – сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған сәттен бастап есептеу күнге дейін (қоса алғанда) сақтандырып қорғаудың қолданылуы аяқталған күндер саны.

"Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының ( акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының нормативтік мәндеріне және пруденциялық нормативтерін және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді есептеу әдістемесіне, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібіне және олардың Заңның 46-бабының 12-тармағына сәйкес белгіленетін ең төмен мөлшеріне ( бұдан әрі – Нормативтер) сәйкес пруденциялық нормативтерді есептеген кезде, қызметкерді ол еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру шарты бойынша ЕСР есептеу "Қызметкер еңбек ( қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Қызметкерді жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру туралы заң) 17-бабына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысы мөлшерін негізге ала отырып жүзеге асырылады. ";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР екі бөліктен тұрады және мынандай формула бойынша айқындалады:

ОМШР = ОӘМШР + ОТМШР, мұнда:

ОӘМШР Талаптардың 11-тармағында көрсетілген актуарлық әдістермен есептеледі. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша қызметін 3 (үш) жылдан кем жүзеге асырған не Талаптардың 11-тармағында көрсетілген әдістермен ОӘМШР есептеу үшін деректер жеткіліксіз болған жағдайда, ОӘМШР есептеу күнінің алдындағы соңғы он екі айда күшіне енген осы сынып бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қосымша келісімдер бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақы сомасының 5 (бес) пайызынан кем емес болады.

Актуарий зиян келтірілгенде сақтандырушының міндеттемелерін бөлген жағдайда актуарлық әдістермен ОӘМШР есептеген кезде Талаптарға 9-қосымшаға сәйкес Тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз орын алған, бірақ мәлімделмеген зияндар резервін есептеудің жинақталған шығындар кестесі Талаптарға 12-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген шығындар негізінде жинақталған зияндар кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған шығындар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын зияндар басталған әр кезең аяғында жинақталған төлемдер шамасын (төленген зияндар) қосу арқылы құрылады.

Актуарий зиян келтірілгенде сақтандырушының міндеттемелерін бөлген кезде актуарлық әдістермен ОӘМШР есептеген кезде Талаптарға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетумен орын алған, бірақ мәлімделмеген зияндар резервін есептеуінің Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен жинақталған зиян кестесі Талаптарға 12-қосымшаға сәйкес Сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген зиян негізінде жинақталған шығындар кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған шығындар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын зиян басталған әр кезең аяғында жинақталған төлемдер шамасын (төленген зиян) қосу арқылы құрылады.

Актуарий зиян келтірілгенде сақтандырушының міндеттемелерін бөлген кезде актуарлық әдістермен ОӘМШР есептеу кезінде Талаптарға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Борнхьюттер-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson) әдісімен орын алған, бірақ мәлімделмеген зияндар резервін есептеуінің жинақталған шығындар кестесі Талаптарға 12-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген шығындар негізінде жинақталған зияндар кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған зияндар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын зияндар басталған әр кезең аяғында жинақталған төлемдер шамасын (төленген зиян) қосу арқылы құрылады;

ОТМШР – КЕЖЖ дәрежесін белгілеуге және Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеуге

байланысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылған пайда алушылар бойынша есептеледі .

ОТМШР сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша КЕЖЖ дәрежесін ұзартуға (қайта куәландыруға) және Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеуге байланысты күтілетін міндеттемелерді бағалау мақсатында қалыптасады.

ОТМШР КЕЖЖ дәрежесі белгіленген және ол бойынша қайта ұзарту (қайта куәландыру) күтілетін әрбір пайда алушы бойынша жеке айқындалатын КЕЖЖ дәрежесін ұзартуға (қайта куәландыруға) байланысты және Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға залалды өтеуге байланысты болжанып отырған төлем сомасына тең.

ОТМШР есептеу Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6156 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 28 қаулысымен бекітілген Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу ережесіне және аннуитет шарты мен сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Әрбір пайда алушы бойынша болжанған төлемдерді бағалау мақсатында КЕЖЖ дәрежесін белгілеу мерзімін ұзарту, 100 (жүз) пайыз төлемді жүзеге асыру ықтималдылығымен "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнетақы жасына жеткенге дейін жүзеге асырылады.

Болжанған төлемдерді бағалау мақсатында ОТМШР 100 (жүз) пайыз ықтималдылығымен Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеуге құқығы бар әрбір адам бойынша қалыптастырылады.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына пайда алушының КЕЖЖ дәрежесін қайта ұзартуға (қайта куәландыруға) байланысты аннуитет шартын жасасу жөніндегі өтініш аннуитет шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін 2 (екі) жыл ішінде түспесе және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы:

1) аннуитет шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін пайда алушының КЕЖЖ дәрежесін ұзарту (қайта куәландыру) туралы ақпараты болмаса, онда актуарий қажет болған жағдайда ОТМШР есебінен пайда алушы бойынша болжанатын төлемдердің келтірілген сомасын алып тастайды;

2) аннуитет шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін пайда алушының КЕЖЖ дәрежесін ұзарту (қайта куәландыру) туралы ақпаратқа ие болса, онда актуарий болжанатын төлемдерді бағалауды пайда алушының кәсіби пайымын негізге ала

отырып, актуарий есептеген қайта өтінішінің ықтималдығын ескере отырып жүзеге асырады.

